

"Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 68 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20714 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, қаржы ұйымдарының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Электрондық форматта ұсынылған қаржылық есептілік қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікке сәйкес келуге тиіс. Электрондық форматта ұсынылған деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен бірдейлігін ұйымның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы тұлға) қамтамасыз етеді.

Қағаз тасымалдағыштағы жылдық қаржылық есептілікте екі немесе одан көп салыстырмалы кезеңдердің болуына жол беріледі."

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ұйым тоқсан сайынғы (ай сайынғы) қаржылық есептілікпен бірге Ұлттық Банкке электрондық форматта бухгалтерлік баланстың "басқа да активтер" және "басқа да міндеттемелер" баптары бойынша, сондай-ақ пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің "басқа да кірістер" және "басқа да шығыстар" баптары бойынша нақтылануы ашып көрсетілетін түсіндірме жазбаны ұсынады. Қосымша

екінші деңгейдегі банктер түсіндірме жазбада пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің "пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыстар" баптарының нақтылануын ұсынады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мынадай қаржы ұйымдары Ұлттық Банкке жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда - аудиторлық ұйым растаған жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктерді қағаз тасымалдағышта ұсынады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;

4) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

5) инвестициялық портфельді басқарушылар;

6) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

7) қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға."

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Екінші деңгейдегі банктер жылдық қаржылық есептілікті есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге дейінгі (қоса алғанда) мерзімде жыл сайын Ұлттық Банкке ұсынады, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларда - аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта жеке жылдық қаржылық есептілікті және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктер жылдық қаржылық есептілікпен бірге электрондық форматта түсіндірме жазбаны ұсынады, онда бухгалтерлік баланстың "басқа да активтер" және "басқа да міндеттемелер" баптары бойынша, пайда мен зиян туралы

есептің/жиынтық кіріс туралы есептің "басқа да кірістер", "басқа да шығыстар", "пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыстар" баптары бойынша, сондай-ақ ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің "пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыстар" баптары бойынша нақтылануы ашылып жазылады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) сақтандыру брокерлері Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей;

3) екінші деңгейдегі банктер, еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған, аудиторлық ұйым растаған (бар болса), Қағидаларға 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жеке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті және шоғырландырылған тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өзінің орналасқан жері бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын кредиттік серіктестіктер және ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;

2) Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

халықаралық қаржылық есептілік шағын және орта бизнеске арналған стандарттарын немесе Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей;

халықаралық қаржылық есептіліктің шағын және орта бизнеске арналған стандарттарын немесе Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын қолданатын

кредиттік серіктестіктер және ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей ұсынады.";

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-2-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-3-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-4-қосымшамен толықтырылсын;

4-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі..

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

2020 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2020 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
1-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
3-1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Бухгалтерлік баланс

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: 1Н-ЕДБ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын.

Есепті кезең: 20 __ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер.

Ұсыну мерзімі:

1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында

1	2	3
...		
...		
Активтер жиынтығы		
...		
...		
Міндеттемелер жиынтығы		
...		
...		
Капитал жиынтығы		
Міндеттемелер мен капитал жиынтығы		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

Б а с

б у х г а л т е р

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

"Бухгалтерлік баланс"
 әкімшілік деректерді
 жинауға арналған нысанға
 қосымша

"Бухгалтерлік баланс"

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
 (индекс - 1Н-ЕДБ, кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Екінші деңгейдегі банктер нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын және жыл сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банкте еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты жеке ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атауы екінші деңгейдегі банктердің операцияларына қарай еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
2-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
3-2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: 2Н-ЕДБ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер.

Ұсыну мерзімі:

- 1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тоқсан сайын;
- 2) есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бастап кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)	Ағымдағы жылдың басынан бастап ұқсас кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3
...		
...		
...		
...		
Салық салынғанға дейінгі таза пайда/таза шығын		
...		
Табыс салығы бойынша шығыстар		
Табыс салығын төлегеннен кейінгі пайда/шығын		
Таза пайда/таза шығын		
...		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

_____ қолы, телефон

Б а с

б у х г а л т е р

_____ қолы

_____ күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ қолы

"Пайда мен зиян туралы есеп/
жиынтық кіріс туралы есеп"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Пайда мен зиян туралы есеп/ жиынтық кіріс туралы есеп"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - 2Н-ЕДБ , кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайда мен зиян туралы есеп/ жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Екінші деңгейдегі банктер нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын және жыл сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банкте еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті жеке ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары екінші деңгейдегі банктің операцияларына қарай еркін толтырылады.

7. 2-бағанда ағымдағы жылдың басынан бері кезеңдегі деректер (өспелі жиынтығымен) көрсетіледі.

8. 3-бағанда алдыңғы жылдың басынан бастап ұқсас кезеңдегі деректер көрсетіледі (өспелі жиынтығымен).

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
3-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: ЗН-ЕДБ.

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер.

Ұсыну мерзімі:

1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (қоса алғанда) сәуіріне дейінгі мерзімде жыл сайын.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Есепті кезең үшін	Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңі үшін
1	2	3
...		
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың жиынтығы		
...		
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		
...		
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағыны		
...		
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

"Ақшалай қаражаттың
қозғалысы туралы есеп"
әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - ЗН-ЕДБ, кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Екінші деңгейдегі банктер нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын және жыл сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банкте еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк жеке ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті жеке ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары екінші деңгейдегі банктердің операцияларына қарай еркін толтырылады.

7. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезең үшін деректер көрсетіледі.

8. 3-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
4-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
3-4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: 4Н -ЕДБ

Кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейлі банктер

Ұсыну мерзімі:

- 1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тоқсан сайын;
- 2) есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын.

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Жарғылық капитал	Сатып алынған акциялар	Қосымша төленген капитал	Бағамдық айырмашылық	Жалпы банктік тәуекелдерге арналған резервтер (провизиялар)	Резервтік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері
1	2	3	4	5	6	7	8
Өткен есепті жылдың соңында							
...							
Жалпы жиынтық кірістер/ шығыстар							
...							
Басқа да жиынтық кірістер							

...							
Кезеңдік жалпы жиынтық кірістер/ шығыстар период							
...							
Есепті кезеңге қалдықтар							

кестенің жалғасы:

Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер	Бөлінбеген пайда	Капитал жиынтығы	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Капитал жиынтығы
9	10	11	12	13

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____
 Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

_____ қолы, телефон

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Б а с б у х г а л т е р

_____ қолы күні

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ қолы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - 4Н -ЕДБ, кезеңділігі: тоқсан сайын/жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын және жыл сайын толтырады.

Екінші деңгейдегі банктің еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепті және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті ұсынады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары екінші деңгейдегі банктің операцияларына қарай еркін толтырылады.

7. 12 және 13-бағандар шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну кезінде толтырылады.

8. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
5-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Бухгалтерлік баланс

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1Н -СҰ.

Кезеңділігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңына	Алдыңғы жылдың соңына
1	2	3	4
Активтер			
Ақшалай қаражат және ақша қаражатының баламалары	1		
Орналас­тырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	2		
Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	3		
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	4		
"Кері РЕПО" операциялары	5		
Тазартылған бағалы металдар	6		
Туынды қаржы құралдары	7		
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	8		
Болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	9		
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	10		
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	11		
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	12		
Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	13		
Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер	14		
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	15		
Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	16		
Сақтанушыларға берілген қарыздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	17		
Болашақ кезеңдердің шығыстары	18		
Ағымдағы салық активі	19		
Кейінге қалдырылған салық активі	20		
Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	21		
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	22		

Қорлар	23		
Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)	24		
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)	25		
Инвестициялық мүлік	26		
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	27		
Материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)	28		
Басқа активтер	29		
Активтердің жиынтығы	30		
Міндеттемелер			
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві	31		
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зияндар резерві	32		
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар резерві	33		
Болған, бірақ мәлімделмеген зияндар резерві	34		
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар резерві	35		
Алынған қарыздар	36		
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысулар	37		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулар	38		
Акционерлермен дивидендтер бойынша есеп айырысулар	39		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленуге тиіс шоттар	40		
Басқа кредиторлық берешек	41		
Бағалау міндеттемелері	42		
Жалдау бойынша міндеттемелер	43		
"РЕПО" операциялары	44		
Туынды қаржы құралдары	45		
Шығарылған облигациялар	46		
Болашақ кезеңдердің кірістері	47		
Салықтар және бюджетке басқа төлемдер бойынша міндеттемелер	48		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	49		
Басқа міндеттемелер	50		
Міндеттемелердің жиынтығы	51		
Капитал			
Жарғылық капитал (құрылтайшылардың жарналары)	52		
Алынған капитал (құрылтайшылардың жарналары)	53		
Резервтік капитал	54		
Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал)	55		
Болжанбаған тәуекелдердің резерві	56		
Тұрақтандыру резерві	57		
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды қайта есептеу резерві	58		

Басқа резервтер	59		
Бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)	60		
оның ішінде:			
алдыңғы жылдардың	60.1		
есепті кезеңнің	60.2		
Капиталдың жиынтығы	61		
Капиталдың және міндеттемелердің жиынтығы	62		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

Б а с

б у х г а л т е р

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

"Бухгалтерлік баланс"
әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Бухгалтерлік баланс"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - 1Н -СҰ, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ай сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1 - 62-жолдарда бас кітаптан алынған немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі деректер көрсетіледі.

9. Қаржылық есептілік түрі: жеке.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
6-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Пайда мен зиян туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: 2Н -СҰ.

Кезеңділігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей.

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезең ішінде	Ағымдағы жылдың басынан бастап кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)	Өткен жылдың ұқсас кезеңі ішінде	Ағымдағы жылдың басынан бастап ұқсас кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3	4	5	6

Кірістер					
Сақтандыру қызметінен болған кірістер					
Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары	1				
Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары	2				
Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	3				
Сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы	4				
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің өзгеруі	5				
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	6				
Еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы	7				
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер	8				
Сақтандыру қызметінен болған басқа кірістер	9				
Инвестициялау қызметінен болған басқа кірістер					
Сыйақы алуға байланысты кірістер	10				
оның ішінде:					
бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон немесе дисконт) түріндегі кірістер	10.1				
орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер	10.2				
қаржы активтерімен операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто)	11				
оның ішінде:					
бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған кірістер (шығыстар) (нетто)	11.1				
"РЕПО" операцияларынан болған кірістер (шығыстар) (нетто)	11.2				
тазартылған бағалы металдармен операциялардан болған кірістер (шығыстар)	11.3				
туынды қаржы құралдарымен операциялардан болған кірістер (шығыстар)	11.4				
Қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар) (нетто):	12				
оның ішінде:					
өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған кірістер (шығыстар) (нетто)	12.1				

сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған кірістер (шығыстар)	12.2				
шетел валютасын қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар) (нетто)	12.3				
тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар)	12.4				
туынды қаржы құралдарын қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар)	12.5				
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан болған кірістер	13				
Инвестициялық қызметтен болған басқа кірістер	14				
Өзге қызметтен болған кірістер					
Активтерді сатудан және активтерді алудан (беруден) болған кірістер (шығыстар)	15				
Өзге қызметтен болған басқа кірістер	16				
Басқа кірістер	17				
Кірістердің жиынтығы	18				
Шығыстар					
Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары	19				
Қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары	20				
Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу	21				
Регрестік талап бойынша өтеу (нетто)	22				
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	23				
Сақтандыру зиянын реттеу бойынша шығыстар	24				
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервінің өзгеруі	25				
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	26				
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервінің өзгеруі	27				
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	28				
Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервінің өзгеруі	29				
Болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	30				

Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервінің өзгеруі	31				
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	32				
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар	33				
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар	34				
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	35				
оның ішінде:					
бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар	35.1				
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	36				
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған шығыстар	37				
Құнсыздану бойынша резервтерді қалпына келтіру	38				
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған таза шығыстар	39				
Жалпы және әкімшілік шығыстар	40				
оның ішінде:					
еңбекке ақы төлеу және іссапар шығыстары	40.1				
корпоративтік табыс салығын қоспағанда, ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	40.2				
ағымдағы жалдау бойынша шығыстар	40.3				
Жарнамаға шығыстар	40.4				
үшінші тұлғалардан қызметтер	40.5				
аудит, консультациялық қызметтерге және ақпараттық шығындар	40.6				
Амортизациялық ақша аударымдары және тозу	41				
Басқа шығыстар	42				
Шығыстардың жиынтығы	43				
Кезең ішіндегі пайда (зиян)	44				
Тоқтатылған қызметтен болған пайда (зиян)	45				
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (зиян)	46				
Корпоративтік табыс салығы	47				
оның ішінде:					
негізгі қызметтен	47.1				
өзге қызметтен	47.2				

Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайда (зиян) жиынтығы	48				
--	----	--	--	--	--

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

Б а с

б у х г а л т е р

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

"Пайда мен зиян туралы есеп"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Пайда мен зиян туралы есеп"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 2Н-СҰ, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Пайда мен зиян туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңдегі деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда ағымдағы жылдың басынан бергі кезеңдегі деректер (өспелі жиынтығымен) көрсетіледі.

8. 5-бағанда өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі деректер көрсетіледі.

9. 6-бағанда өткен жылдың басынан бергі ұқсас кезеңдегі деректер (өспелі жиынтығымен) көрсетіледі.

10. 1-48 аралығындағы жолдарда бас кітаптан немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі деректер көрсетіледі.

11. Қаржылық есептілік түрі: жеке.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 68 қаулысына
7-қосымша
Қаржы ұйымдарының және
микроқаржылық қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есептілікті ұсыну
қағидаларына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Бухгалтерлік баланс

Әкімшілік дереккөздер нысанның индексі: 1Н-БЖЕЖЗҚ.

Кезеңділігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары.

Ұсыну мерзімдері:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры - есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей;

2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары - есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей.

(мың теңгемен)

--	--	--	--

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Ақшалай қаражат және ақша қаражатының баламалары	1		
оның ішінде:			
кассадағы қолма-қол ақша	1.1		
Банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарындағы ақша	1.2		
Тазартылған бағалы металдар	2		
Орналастырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	3		
Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	4		
Туынды қаржы құралдары	5		
Өзге жиынтық пайда арқылы әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар	6		
"Кері РЕПО" операциялары	7		
Берілген аванстар	8		
Болашақ кезеңдердің шығыстары	9		
Комиссиялық сыйақы	10		
оның ішінде:			
зейнетақы активтерінен	10.1		
зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен (зияннан)	10.2		
Қорлары	11		
Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	12		
Инвестициялық мүлік	13		
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	14		
Дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	15		
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (шығатын топтар)	16		
Материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зиянды шегергенде)	17		
Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны және құнсызданудан болған зиянды шегергенде)	18		
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зиянды шегергенде)	19		
Ағымдағы салық активі	20		
Кейінге қалдырылған салық талабы	21		
Басқа да дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	22		
Басқа активтер	23		

Активтер жиынтығы	24		
Міндеттемелер			
Туынды қаржы құралдары	25		
Жалдау бойынша міндеттеме	26		
"РЕПО" операциялары	27		
Алынған қарыздар	28		
Кредиторлық берешек	29		
Алынған аванстар	30		
Резервтер	31		
Акционерлермен акциялар бойынша есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар	32		
Қызметкерлермен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар	33		
Болашақ кезеңдердің кірістері	34		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	35		
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджет алдындағы міндеттеме	36		
Басқа міндеттемелер	37		
Міндеттемелер жиынтығы	38		
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	39		
оның ішінде:			
жай акциялар	39.1		
артықшылықты акциялар	39.2		
Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал)	40		
Алынған капитал	41		
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві	42		
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнсыздану резерві	43		
Негізгі құралдарды қайта бағалауға резерв	44		
Резервтік капитал	45		
Басқа да резервтер	46		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)	47		
оның ішінде:			
алдыңғы жылдардағы	47.1		
есепті кезеңдегі	47.2		
Капитал жиынтығы	48		
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы	49		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

О р ы н д а у ш ы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

Б а с

б у х г а л т е р

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

күні

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

"Бухгалтерлік баланс"
әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Бухгалтерлік баланс"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индекс - 1Н-БЖЕЖЗҚ, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

